

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 2 «Ә» сынып оқушыларымен 2021-2022 оқу жылының жыл бойы жүргізілген тәрбие жұмысы туралы

Талдау

2021-2022 оқу жылын 2 «Ә» сыныбымен бастадым. Жылдың басында 2 «Ә» сыныбында 20 оқушы болды. 20 оқушының 8-і қыз, 12-і ұл бала болды.

Жылдың басында балалардың жас ерекшелігін ескере отырып тәрбие жұмысының жоспары жасалып бекітілген болатын. Барлық тоқсанда да осы бекітілген жоспарға сай тәрбие сағаттары өткізілді. Қыркүйек айында жоспарға сәйкес азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбие бағытында «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл», рухани-адамгершілік бағытында «Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл» тақырыбында, отбасы тәрбиесі бағытында «Отбасы-бақыт мекені», экологиялық тәрбие бағытында «Еңбек бәрін жеңбек» тақырыбында, салауатты өмір сүру салты бағытында «Тұмау-қатерлі дерт» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Адам табиғаттың бір бөлшегі екендігі, айналамызды таза ұстау керектігі жөнінде айтылды. Және де «Тұмау-қатерлі дерт» тақырыбында өткізілген тәрбие сағатында қазіргі елімізде болып жатқан жағдайға байланысты тағы да түсіндірулер жүргізілді. Қазан айында рухани-адамгершілік бағытында «Қарттарым асыл қазынам!» тақырыбындағы тәрбие сағатында үлкендерді, қарттарды сыйлау, құрметтеу керектігі жөнінде, отбасындағы үлкен кісілер ата-әжелері туралы әңгімеленді. Ұлттық тәрбие бағытында «Өз жеріңді таны.» сынып сағатында туған өлкеміз Байғанин ауданы туралы, оның көрнекті жерлері, пайдалы қазбалары, өлкемізде кездесетін жануарлар, өсімдік түрлері туралы әңгімеленді. «Әдептілік - әдемілік» атты сынып сағатында сәлемдесу әдептілік белгісі екендігі, үлкендермен амандасып жүру керектігі айтылды. «Әлеуметтік желі мәдениеті» ақпараттық сабақ бұл сабақта әлеуметтік желі туралы, оның пайдасы мен зияны туралы ақпарат берілді. Екінші тоқсанда тәрбие сағаттары жоспар бойынша жүргізілді. Қараша айында жоспарға сәйкес азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбие бағытында «Астана менің мақтанышым», отбасы тәрбиесі бағытында «Біздің тату-тәтті отбасы», экологиялық тәрбие бағытында «Еңбек бәрін жеңбек» тақырыбында, салауатты өмір сүру салты бағытында «Ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол ізде» тақырыбында өткізілген тәрбие сағатында қазіргі елімізде болып жатқан жағдайға байланысты тағы да түсіндірулер жүргізілді. Желтоқсан айында азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбие бағытында «Тәуелсіздік-елдігімнің тұмары, ерлігімнің шынары», рухани-адамгершілік бағытында «Қазақтың әйгілі күйші композиторы, халық әртісі Д.Нұрпейісованың туғанына 160 жыл», зияткерлік тәрбие беру бағытында «Кітап-ақылшың, әрі досың» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 1-желтоқсан Елбасы күніне орай өткізілген тәрбие сағатында елбасының өмір жолы, еліміз үшін жасаған еңбектері, отбасы туралы әңгімеленді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған тәрбие сағатында тәуелсіздік жетістіктері, желтоқсан оқиғасы туралы әңгімеленді. Жаңа жылдық ертеңгілік өткізілді. Балалар өте қызығушылықпен қатысты.

«Бастауыш - білім негізі» атты апталыққа балалар қызығушылықпен қатынасты. «Кітап оқу – сән» мәнерлеп оқу сайысында Үмбетұлы Жанасыл, көркем жазу сайысында Амангелді Сәнімай жүлделі орындарға ие болса, қолөнер көрмесінде Атчыбаев Бекарыс, Асылхан Арсен, Ернарқызы Раяна жасаған бұйымдары өте

жақсы деп бағаланды. Үзіліс кезіндегі ұйымдастырылған ойындарға да зор ынтамен қатысты.

8 наурыз мерекесіне орай қыз балаларға аз ғана сыйлықтар беріліп, ер балалар тілектерін айтты.


Наурыз мерекесіне орай «Наурыз - жыл басы» сынып сағаты ұйымдастырылып, балалар ұлттық тағамдар, сусындар, наурыз көже туралы мағлұматтар алып, дастарханнан дәм татты, әндер шырқап, бата берді. Ұлттық ойындар ойналып, балалар қуанып қалды.

4-тоқсан бойыша Рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру бағыты бойынша «Жақыныңа жанашыр бол» сынып сағаты, еңбек және экологиялық тәрбие беру бағытында «Біз табиғатты қорғаймыз» сынып сағаты, көпмәдени тәрбие беру бағытында «Ұлттар достығы» сынып сағаты, азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбие мақсатында «Ер намысы – ел тыныштығы» ҰОС ардагерлеріне тағзым, зияткерлік тәрбие беру мақсатында «Тәуелсіздік ел тірегі – білімді ұрпақ» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

республикалық «Зерде» шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстары конкурсында Атчыбаев Бекарыс мектепшіліктен бас жүлде, аудандық кезеңнен 2 орын иеленді.

Ата-аналар жиалысы өткізіліп отырды. Жыл бойыша жоспарлаған тәрбие іс-шаралары орындалды.

Сынып жетекшісі:



Суйесинова Б.И.